



Қазақстан Республикасының білім ұйымдарының педагог және басқа қызметкерлерін аттестациялау тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2000 жылғы 28 сәуір N 422 бұйрық. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 13 шілде N 1193 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 18 қазандағы N 688 бұйрығымен (V032538).

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңын орындау мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасының білім ұйымдарының педагог және басқа қызметкерлерін аттестациялау тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

2. Жалпы орта білім департаменті (Р.М. Жұмабекова) заңда белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бірінші вице-Министр Е. Арынға жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін

атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р л і г і н і ң
2 0 0 0 ж ы л ғ ы 2 8 с ә у і р і н д е г і
N 422 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы білім ұйымдарының педагог және басқа қызметкерлерін аттестациялау тәртібі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Білім ұйымдарының педагог және басқа қызметкерлерін аттестациялау олардың меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан кәсіби іскерлікке ынталандыру, шығармашылық белсенділікті дамыту тәрбиеленушілер мен оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жауаптылығын көтеру және нарықтық қатынастар жағдайында педагогтардың еңбекақыларын жүйелеу жолымен әлеуметтік жағынан қорғау мақсатында өткізіледі.

Аттестация мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орындарының барлық

жұмыс деңгейін көтеруге педагог және басқа қызметкерлерінің қоғамдағы мәртебесі мен беделін көтеруге, олардың жемісті еңбектерін моральдық және материалдық ынталандыру мүмкіндігін кеңейтуге ықпал жасайды.

2. Аттестациялаудың міндеті - педагог және басқа қызметкерлерге олардың іскерлік деңгейіне қарай біліктілік санаттары мен разрядтарын беру болып т а б ы л а д ы .

Нормативтік белгілер мен кәсіби-педагогтік міндеттердің күрделілік дәрежесі , орталық атқарушы органдармен бекітілген, еңбек саласындағы басшылармен жүзеге асырылған, тарифтік-біліктілік сипаттамалар негізінде анықталады.

3. Осы Ережеде төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) апелляция-жоғарғы органдардың қандай да бір шешіміне келіспей қайта қарау, қоғамдық көзқарастарға;

2) аттестация-жалпы міндетті мемлекеттік стандарт талаптарына білімдік қызметтің, білім деңгейінің сәйкес болуын бақылау мақсатында өткізілетін шара;

3) біліктілік санат-қызметкерге кәсіптік міндеттердің белгілі бір дәрежедегі күрделілігін шешу мүмкіндігін қамтамасыз ету, біліктілік деңгейінің нормативтік белгілерге с а й б о л у ы ;

4) колледж-орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлаудың, білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

5) лицей-негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, жоғары сатыдағы оқушыларды кәсіби бағдарлап оқытуды жүзеге асыратын жалпы орта білім беретін оқу орны;

6) жалпы білім беретін мектеп негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, әрқайсысы дербес жұмыс істей алатын үш сатыдан: бастауыш, негізгі және жоғары сатылардан тұратын жалпы орта білім б е р е т і н о қ у о р н ы .

4. Аттестациялауға қызметкерлердің төмендегідей топтары жатады:

бірінші топ - барлық мамандықтың мұғалімдері (оның ішінде дефектолог-мұғалімдер және логопедтер, алғашқы әскери даярлықтың жетекшілері) жалпы білім беретін барлық оқу орындарының, (мектептер, гимназиялар, лицейлер, мектеп-интернаттар, кешкі кезекті мектептер, білім орталықтары және басқалары), бастауыш және орта кәсіптік білім оқу орындарының барлық типтері мен түрлері, өнер және мәдениет мектептерінің оқытушылары, нашар еститін балаларға арналған оқу орындарының дыбыс кабинеттерінің нұсқаушылары, жаттықтырушы-оқытушылары. Аталған топтың еңбекақыларын жүйелеу үшін төрт біліктілік санаттары енгізіледі:

жоғары санатты мұғалім (оқытушы, жаттықтырушы-оқытушы, логопед-мұғалім, дефектолог-мұғалім);

бірінші санатты мұғалім (оқытушы, жаттықтырушы-оқытушы, логопед-мұғалім, дефектолог-мұғалім);
екінші санатты мұғалім (оқытушы, жаттықтырушы-оқытушы, логопед-мұғалім, дефектолог-мұғалім);
мұғалім (оқытушы, жаттықтырушы-оқытушы, логопед-мұғалім, дефектолог-мұғалім).

Екінші топ - жалпы білім беретін оқу орындарының, бастауыш және орта кәсіптік білім оқу орындарының өндірістік оқу шеберлері. Өндірістік оқу шеберлерінің еңбекақыларын жүйелеу үшін төрт біліктілік санаттары енгізіледі:

жоғары санатты өндірістік оқу шебері;
бірінші санатты өндірістік оқу шебері;
екінші санатты өндірістік оқу шебері;
өндірістік оқу шебері.

Үшінші топ - балалардың мектепке дейінгі ұйымдарының барлық типтері мен түрлері, мектеп алдындағы сыныптардың тәрбиешілері, аға тәрбиешілері.

Аталған топтың еңбекақыларын жүйелеу үшін төрт біліктілік санаттар енгізіледі:

балалардың мектепке дейінгі ұйымдарының жоғары санатты тәрбиешісі (аға тәрбиешісі);

балалардың мектепке дейінгі ұйымдарының бірінші санатты тәрбиешісі (аға тәрбиешісі);

балалардың мектепке дейінгі ұйымдарының екінші санатты тәрбиешісі (аға тәрбиешісі);

балалардың мектепке дейінгі ұйымдарының тәрбиешісі (аға тәрбиешісі).

Төртінші топ - балалар үйлерінің тәрбиешілері (аға тәрбиешілер), мектеп жанындағы интернаттардың, мектеп-интернаттардың тәрбиешілері.

Айрықша оқу мен тәрбиені қажет ететін балалар мен жасөспірімдерге арналған оқу орындарының тәрбиешілері (аға тәрбиешілер). Аталған топтың еңбекақыларын жүйелеу үшін төрт біліктілік санаттары енгізіледі:

жоғары санатты тәрбиеші;
бірінші санатты тәрбиеші;
екінші санатты тәрбиеші;
тәрбиеші.

Бесінші топ - оқу орындарының барлық типтері мен түрлерінің қосымша білім педагогтары. Аталған топтың еңбекақыларын жүйелеу үшін төрт біліктілік санаттары енгізіледі:

жоғары санатты қосымша білім педагогы;
бірінші санатты қосымша білім педагогы;
екінші санатты қосымша білім педагогы;

қ о с ы м ш а б і л і м п е д а г о г ы .

Алтыншы топ - жалпы білім беретін оқу орындарының барлық типтері мен түрлерінің ұзартылған күн топтарының тәрбиешілері (аға тәрбиешілері) бастауыш және орта кәсіптік білім оқу орындарының тәрбиешілері . Аталған топтың еңбекақыларын жүйелеу үшін төрт біліктілік санаттары е н г і з і л е д і :

жоғары санатты ұзартылған күн топ тәрбиешісі;
бірінші санатты ұзартылған күн топ тәрбиешісі;
екінші санатты ұзартылған күн топ тәрбиешісі;
ұзартылған күн топ тәрбиешісі.

Жетінші топ - педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар. Бұл топтың еңбекақыларын жүйелеу үшін төрт біліктілік санаттары енгізіледі:

жоғары санатты педагог-психолог (әлеуметтік педагог);
бірінші санатты педагог-психолог (әлеуметтік педагог);
екінші санатты педагог-психолог (әлеуметтік педагог);
педагог-психолог (әлеуметтік педагог).

Сегізінші топ - аға вожатыйлар мен педагог-ұйымдастырушылар. Аталған топты еңбекақыларын жүйелеу үшін төрт біліктілік санаттары енгізіледі:

жоғары санатты аға вожатый (педагог-ұйымдастырушы);
бірінші санатты аға вожатый (педагог-ұйымдастырушы);
екінші санатты аға вожатый (педагог-ұйымдастырушы).
аға вожатый (педагог-ұйымдастырушы).

Тоғызыншы топ - балалар-жасөспірім спорт мектептерінің әдіскерлері, нұсқаушы-әдіскерлері. Бұл топтың еңбекақыларын жүйелеу үшін төрт біліктілік с а н а т т а р ы е н г і з і л е д і :

жоғары санатты әдіскер (нұсқаушы-әдіскер);
бірінші санатты әдіскер (нұсқаушы-әдіскер);
екінші санатты әдіскер (нұсқаушы-әдіскер);
әдіскер (нұсқаушы-әдіскер).

Оныншы топ - оқу орындарының барлық типтері мен түрлерінің музыка жетекшілері, еңбек пен дене шынықтыру нұсқаушылары. Аталған топтың еңбекақыларын жүйелеу үшін төрт біліктілік санаттары енгізіледі:

жоғары санатты музыка жетекшісі (еңбек нұсқаушысы, дене шынықтыру н ұ с қ а у ш ы с ы) ;

бірінші санатты музыка жетекшісі (еңбек нұсқаушысы, дене шынықтыру н ұ с қ а у ш ы с ы) ;

екінші санатты музыка жетекшісі (еңбек нұсқаушысы, дене шынықтыру н ұ с қ а у ш ы с ы) ;

музыка жетекшісі (еңбек нұсқаушысы, дене шынықтыру нұсқаушысы).

Он бірінші топ - сүйемелдеушілер мен концертмейстерлер. Аталған топтың еңбекақыларын жүйелеу үшін төрт біліктілік санаттары енгізіледі:

жоғары санатты сүйемелдеуші (концертмейстер);
бірінші санатты сүйемелдеуші (концертмейстер);
екінші санатты сүйемелдеуші (концертмейстер);
сүйемелдеуші (концертмейстер).

Он екінші топ - мәдени ұйымдастырушылары мен экскурсия жетекшілері. Аталған топтың еңбекақыларын жүйелеу үшін төрт біліктілік санаттары енгізіледі:

жоғары санатты мәдени ұйымдастырушы (экскурсия жетекшісі);
бірінші санатты мәдени ұйымдастырушы (экскурсия жетекшісі);
екінші санатты мәдени ұйымдастырушы (экскурсия жетекшісі);
мәдени ұйымдастырушы (экскурсия жетекшісі).

5. Аттестацияның басты негіздері: еріктілік, ашықтық, алқалық, жүйелілік.

6. Оқу орындарының басшылары және олардың орынбасарлары, дене тәрбиесінің, алғашқы әскери дайындықтың жетекшілері мен оқу орындарының қызметкерлері, зейнеткерлер мен оқу орындарында қосымша жұмыс істейтін және педагогтық жүктемелері бар басқада адамдар біліктілік санатпен тарифтік дәрежелерін анықтау үшін аттестациядан өтеді.

7. Оқу орнының әкімшілігі қызметкерлердің біліктілік санаттары олардың қызмет деңгейі мен сапасына сай келмеген жағдайда оларды қайтадан аттестациялауға шешім қабылдай алады. Қайтадан аттестациялау осы Ереженің негізінде жүзеге асырылады.

2. Аттестациялық комиссия және оның құрамы

8. Аттестация өткізу үшін аттестациялық комиссия құрылады. Аттестациялық комиссиясы аттестация өткізудің нақты мерзімін анықтайды, аттестациялық сынақтар өткізеді, аттестация қорытындысы бойынша шешімдер шығарады.

9. Аттестация өткізу үшін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органының оқу орындарында: аудандық, қалалық бөлімдерінде, облыстық, Астана, Алматы қалалық білім басқармаларында, өз қарамағында, аумақтық органдарында оқу орындары бар Қазақстан Республикасы салалық министрліктерінде (ведомстволарында) аттестациялық комиссиялар құрылады.

10. Аттестациялық комиссиялар мынадай құрамда құрылады: аттестациялық комиссияның төрағасы - білім басқармаларының, оқу орындарының басшысы немесе басшының орынбасары, төрағаның орынбасары, хатшы және комиссия мүшелері.

Комиссия құрамына оқу орындарының мамандары, оқу орындарының басшылары, ғылыми және жергілікті атқару органдарының қызметкерлері,

кәсіподақтардың өкілдері енеді. Аттестациялық комиссия құрамына енген білім жүйесінің қызметкерлерінің комиссия құрамындағы тікелей қызметі мерзімінде негізгі жұмыс жалақысы сақталады.

11. Аттестациялық комиссияның арнайы құрамы мен өкілдік мерзімі тиісті білім басқармалары органы, оқу орынының басшысының бұйрығымен анықталады.

12. Шағын комплекті мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың Қызметкерлерін аттестациялау үшін аттестация комиссиялары базалық мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың жанындағы немесе тиісті бағынысты білім басқармалары органдары басшыларының бұйрығымен құрылады.

3. Аттестация өткізу тәртібі

13. Аттестация қызметкердің біліктілік деңгейінің кәсіби жетіктігі, жұмыстарының жемістілігі, сапалығы, нәтижелілігі, әдістемелік және тәжірибе-эксперименттік жұмыстарға қатысуы негізінде өткізіледі.

14. Аттестация оқу орындарының өкілетті органдары белгілеген кесте бойынша өткізіледі.

15. Үстіміздегі оқу жылында аттестацияға қатысу арыздары аттестация комиссияларында 1 қазанға дейін қабылданады.

16. Оқу орнының басшысы аттестацияланушының мәлімделген санат талабына сай келуі туралы өз пікірлерімен аттестация қағазын (N 1 үлгі) толтырады. Аттестация комиссиясының мәжілісіне дейін кемінде он күн бұрын аттестацияланушы аттестация парағына қол қойып танысуы керек. Өз жұмысының мінездемесі мен оқу орны басшысының оған тиісті санат белгілеу туралы ұсыныстарымен келіспеген жағдайда аттестациялық комиссияға дейін кемінде 3 күн бұрын төраға атына дәлелденген арыз ұсынады.

17. Оқу орнының басшысының талабы бойынша аттестациялық комиссия педагогтардың алғашқы санаттарын көтеру мақсатында уақытынан бұрын аттестация жүргізе алады.

18. Қызметкерлерді аттестациялау қорытындысы комиссия мәжілісінде дауыс беру нәтижесінде анықталып, хаттамаға және аттестация Қағазына жазу түрінде дайындалады.

Хаттама мен аттестация қағазына аттестация комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары, комиссия мүшелері қол қояды.

Шешім ақиқатты болуы үшін комиссияның қорытынды мәжілісінде оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысуы керек. Дауыс беру нәтижесі қорытынды комиссияға қатысушы комиссия мүшелерінің дауыстарының 3/4 санымен анықталады. Әрбір қызметкерге комиссия төмендегідей қорытындылардың бірін береді:

мәлімделген санат, разряд талаптарына сай;
мәлімделген санат, разряд талаптарына сай емес.

19. Қызметкерлерге белгіленген біліктілік санат келесі кезекті аттестациядан өткенше сақталады.

20. Педагог және басқа қызметкерлерге жоғары санат беру туралы шешімді облыстық, Астана, Алматы қалаларының білім басқармаларының (департаменттері) аттестациялық комиссиясы бекітеді:

республикалық оқу орындары бойынша - білім беру саласындағы орталық атқарушы органының аттестациялық комиссиясы немесе өз қарамағында оқу орындары бар Қазақстан Республикасының салалық министрліктерінде (ведомостволарында).

Педагог және басқа қызметкерлерге бірінші, екінші санат беру туралы шешімді білім беру ұйымдарының басқармаларының тікелей органдарының аттестациялық комиссиялары қабылдайды.

Салалық министрліктердің (ведомостволардың) оқу орындарының педагог және басқа қызметкерлеріне жоғары, бірінші санат беру туралы шешімді сол министрліктің (ведомоствоның) аттестациялық комиссиясы қабылдайды.

21. Аттестациялық комиссия аттестация нәтижелерінің шешімдерінің хаттамасы мен жоғары санатты қызметкерлердің аттестациялық қағаздарының көшірмесін тиісті білім беру жүйесін басқару органдарына табыс етеді, олар оқу орындарына өздерінің қабылдаған шешімдерін хабарлаулары керек.

22. Егер қызметкер өз еркімен аттестацияға түсіп және оған мәлімделген біліктілік санат берілмесе, ол бұрынғы күші бар санатында қалады.

23. Аттестациялық комиссияның шешімімен қызметкер келіспеген жағдайда келесі деңгейдегі аттестациялық комиссияға апелляцияға беруге құқы бар. Апелляция жазбаша түрде беріледі.

4. Аттестациялық комиссияның шешімдерін жүзеге асыру

24. Аттестациялық комиссияның шешімдері негізінде оқу орнының басшысы қызметкерлерге біліктілік санаттар, беру туралы бұйрық шығарады (осы ереженің 20 тармағында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін.)

25. Аттестацияның шешімдері бойынша біліктілік санаттар берілген қызметкерлерге белгіленген үлгі бойынша куәліктер (N 2 үлгі) табыс етіледі. Куәліктің көшірмесі қызметкердің жеке ісінде сақталады. Куәліктің табыс етілгені журналға (N 3 үлгі) тіркеледі.

26. Белгіленген тәртіппен толтырылған біліктілік санаттарын беру туралы куәліктердің Қазақстан Республикасының барлық аумағындағы күші бірдей.

27. Аттестацияның қорытындысы бойынша берілген біліктілік санат аттестация өткізілген жылдан кейінгі оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап

к ү ш і н е

е н е д і .

28. Аттестацияға қатысты еңбек даулары қолданылып отырған заңдарға сәйкес қаралады.

№ 1 үлгі

_____ (министрлік немесе ведомствоның аты)

_____ (білім ұйымының аты)

Аттестация қағазы

_____ (фамилиясы, аты, әкесінің аты, санаты, көрсетілген лауазымы)

Туған жылы _____

Ұлты _____

Педагогтік стажы _____

Лауазымы бойынша еңбек стажы _____ оның ішінде осы білім ұйымында _____

Білімі (қандай оқу орнын және қашан бітірді, қандай біліктілік және қандай мамандық бойынша) _____

_____ Нағрадалары, құрмет белгілері, ғылыми атақтары мен дәрежелері _____

_____ Аттестацияланушы қандай лауазым мен санатқа арыз берді _____

_____ (жазбаша)

_____ Аттестацияланушының жұмысы туралы пікір _____

_____ Білім ұйымының басшысы _____

_____ Жұмыс туралы пікір және қорытындылармен таныстым

_____ " _____ " _____ ЖЫЛ

_____ (аттестацияланушының қолы)

А т т е с т а ц и я л ы қ
к о м и с с и я н ы ң

төрағасы _____
(аты, жөні)

Т ө р а ғ а н ы ң

орынбасары _____
(а т ы , ж ө н і)

Хатшы _____
(аты, жөні)

Комиссия мүшелері _____

_____ (аты, жөні)

№ 2 үлгі

Куәлік

Біліктілік санат беру туралы _____

Осы куәлік _____ берілді.
(аты, жөні)

_____ ж. _____

_____ (білім ұйымының толық аты)

аттестациялық комиссияның шешіміне сәйкес
" _____ " _____ ж. _____ бұйрықпен оған

_____ берілді.

(лауазымының аты және санат, жазбаша)

Аттестациялық комиссияның
төрағасы _____
(қолы аты, жөні)

Аттестациялық комиссияның
хатшысы _____
(қолы аты, жөні)

МО

Т і р к е у н ө м і р і

" _____ " _____
(берілген күні, айы, жылы)

№ 3 үлгі

_____ (білім ұйымының аты)

қызметкерлерге біліктілік санат беру туралы
куәліктерді тіркеу журналының формасы

№ _____
!Фамилиясы, !Лауазым ! Аттестация. ! Біліктілік ! Куәлік !Куәлік
р/н!аты, әкесі.!және бе. !лық комиссия.!санат беріл.!берілген!алушы.
!нің аты !рілген !ның шешімнің !ген бұйрық. !уақыты !ның
! !білікті. !уақыты !тың номері. ! !қолы
! !лік санат! !мен уақыты ! !
